

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қор туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 21 қарашадағы N 1582. Аталған қаулының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкіне қатысты бөлігінде 3 және 4-тармақтардың күші жойылған деп танылсын - ҚРМК-нің 1996.02.19. N 212 қаулысымен. ~P960212 Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.12.02. N 1225 қаулысымен. ~P981225

"Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі N 2457 Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола қаласын абаттандыруға бюджеттен тыс қаржыны жинақтау үшін " Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры құрылсын.

2. "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорының қаржысы заңды тұлғалар мен жеке адамдардың, оның ішінде шетелдіктердің ерікті аударымдары, жергілікті атқарушы органдардың бюджеттен тыс қаражаты, аталған органның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылыс банкінің депозиттеріне салынған басы бос қаржысын орналастырудан түскен табыстар түріндегі бюджеттен тыс көздердің есебінен құралады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкімен және Экономика министрлігімен бірлесіп, және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісіп, "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қорынан жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру және кредит берудің Ережесін бір ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет астананы көшіру және Ақмола қаласын, оның ықпал ету аймағын дамыту жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру үшін шетелдік инвестицияларды тарту мүмкіндігін екі ай мерзімде пысықтап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан

Республикасының Кеден комитеті Қазақстан Республикасының экономика министрлігімен бірлесіп, Астана қаласын салу және инфрақұрылымын дамытуға қатысқан жағдайда инвесторларға салық,

кеден және өзге жеңілдіктерін, соның ішінде шетелдіктерге де, беру жөніндегі ұсыныстарын екі ай мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.25. N 1197 қаулысымен.

P981197_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 21 қарашадағы
N 1582 қаулысымен
бекітілген

<*>

ЕСКЕРТУ. Атауы мен мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің
1998.11.25. N 1197 қаулысымен.

P981197_

"Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық
қоры туралы
Ереже

1. "Жаңа астана" бюджеттен тыс республикалық қоры /бұдан әрі - Қор/
Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды

Астана қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жанынан Астана қаласын абаттандыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін бюджеттен тыс қаржыны жинақтау мақсатында құрылады. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.03.

19. N 335 қаулысымен. P960335_

2. Қор заңды тұлға болып табылады және осы Ережеде айқындалған құқықтарды пайдаланады. Қордың дербес балансы, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған дөңгелек мөрі, Қазақстан Республикасының Халық банкінде ашылатын валюталығын қоса, есепшоттары бар. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.

03.19. N 335 қаулысымен.

3. Қорды қалыптастырудың көздері мыналар болып табылады:
заңды тұлғалар мен жеке адамдардың, соның ішінде шетелдіктердің ерікті аударымдары;

жергілікті атқару органдарының бюджеттен тыс қаржы есебінен ерікті аударымдары;

Қазақстан Республикасының Халық банкінің депозиттеріне қордың басы бос қаржысын салудан түскен табыстар. <*>

республикалық бюджет есебінен ұсталатын және Астана қаласына көшірілген мемлекеттік органдардың орталық аппараттары қызметкерлерінің тұрғын үйді сатып алуынан және аталған қордың қаражаты есебінен жаңадан салынған тұрғын үйлердегі тұрғын жайларды заңдарда белгіленген тәртіппен өзге де жеке және заңды тұлғаларға сатудан алынған ақша. <*>

Ескерту. 3-тармақтың 4-ші абзацына өзгертулер енгізілді - ҚР

Үкіметінің 1996.03.19. N 335 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің

1998.11.25. N 1197 қаулысымен. P981197_

4. Қордың қаражаты Қазақстан Республикасының жаңа астанасын абаттандыру және Астана қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға жұмсалады.

5. Қордан қаржыландыру Қазақстан Республикасының астанасын көшіру және Астана қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қатаң жүргізіледі.

6. Қордың қаржысы есебінен жұмыстарды қаржыландыру мен кредит беру " Жаңа астана" бюджеттен тыс қорынан жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қаржыландыру мен кредит беру Ережесіне сәйкес, шарттық негізде, Қазақстан Республикасының Халық банкі арқылы жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.03.

19 N 335 қаулысымен.

7. Қордың қаражатының мақсатты пайдаланылуына бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржымині, Экономмині, Құрылысмині, Қазақстан Республикасының Халық банкі және Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Астана қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы өкілдерінен құрылған Қордың байқаушы кеңесі жүзеге асырады. <*>

Байқаушы кеңеске Қазақстан Республикасының астанасын көшіру және Астана қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде, қордың қаражатының пайдаланылуының басым бағыттары жөнінде жедел шешімдер қабылдау өкілеттігі беріледі.

Ескерту. 7-тармақтың 1-ші абзацына өзгерістер енгізілді -
1996.03.19. N 335 қаулысымен.

8. Қордың дирекциясы оның басқару органы болып табылады.

Қордың дирекциясы туралы Ережені Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекітеді. <*>

Қордың дирекциясына астананы көшіру және Астана қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған шығындардың уақтылы және толық қаржыландырылуына толық жауапкершілік жүктеледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.
03.19. N 335 қаулысымен.

9. Қордың дирекциясын ұстау, оның материалдық-техникалық базасының шығындары Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Астана қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы бекіткен сметаның шегінде қордың қаражаты есебінен жүргізіледі. <*>

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.
03.19. N 335 қаулысымен.

10. Дирекцияны Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Астана қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша тағайындайтын Қордың директоры басқарып, қалыптастырады . <*>

Қордың қаражатының мақсатты пайдаланылуына қордың директоры жеке жауап береді.

Қор дирекциясы аппаратының санын Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Астана қаласына көшіру жөніндегі

мемлекеттік комиссиясының төрағасы бекітеді. <*>

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді -
ҚР Үкіметінің 1996.03.19. N 355 қаулысымен.

11. Қордағы есепке алу және есеп беру нормативтік актілермен белгіленген ережелерге сәйкес жүргізіледі.

12. Қорды қайта ұйымдастыруды және таратуды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Астана қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Аппараты Басшысының ұсынуы бойынша <*> .

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.03.19. N 335 қаулысымен. P960335_